

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## «Әке - бәйтерек»

ЖАРИЯЛАНДЫ  
04.02.2023СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/130899/

**Білім беру саласы:** «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік».

**Оқу қызметі:** Тіл дамыту.

**Тақырыбы:** «Әке — бәйтерек»

**Мақсаты:** Жанұядағы әкенің орнының ерекше екендігін ұғындыру. Әкеге деген бала махаббатын ояту. Әкеге құрмет көрсету. Жанұядағы әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, ұлттық салт-дәстүрімізге байланысты, әке орнының ерекше екендігін ұғындыру. Әкеге деген бала махаббатын ояту. Әке туралы нақыл сөздердің тәрбиелік мағынасын түсіндіру. Қазақ тіліндегі тән дыбыстарды анық айтқызып үйрету.

**Әдіс-тәсілдер:** Сұрақ-жауап.

**Билингвалық сөздер:** құрмет, сыйлау, жақсы көремін, мейірімді, мекің әкем.

**Тақырып барысы:** Құрметті әкелер, қонақтар сіздерге арналған «Әке — асқар тау» атты ұйымдастырылған оқу қызметін ашық деп жариялаймыз. Әке — шаңырақтың негізгі тірегі, ерекше тұлға. Әрбір бала өз әкесіне қарап өсетін нысанасы. Әке — ақылшым, тірегім дей отыра, бүгінгі сый-құрмет өздеріңізге арналады.

**Ән:** «Менің әкем, ең жақсы адам»

Музыка әуенімен ортада балалар, вальс билеп кіреді.

**Мұғалім:** Балалармен сәлемдеседі. Қонақтармен сәлемдесуге шақырады.

## Шаттық шеңбері

Балалардың сәлемдесуі:

Жарқырап күнде ашылды

Күн нұры түгел шашылды.

Қайырлы күн қонақтар,

Біз бердік сізге сәлемді.

**Мұғалім:** Балаларды орындарына жайғастырып, отырғызады. Қыс мезгілі туралы сұрақ-жауап алынады.

**Балалар:** Сұраққа толық дұрыс жауаптарын береді.

**Мұғалім:** Балалар, бүгін бізге кімдер қонаққа келді?

**Балалар:** Әкелеріміз.

**Мұғалім:** Олай болса, бүгінгі кешімізді, әкелеріміздің құрметіне арнап, барлық сыйластығымызды көрсетейік. Балалар, сендер әке туралы қандай тақпақ білесідер?

Балалар өлең-тақпақтарын оқиды.

**1-оқушы:** Арқа сүйер панасың,

Ақылы мол данасың.

Адал етіп өсірген,

Мендей ерке баланы.

**2-оқушы:** Әкетайым асылым,

Жақсы көрем өзіңді.

Құрметтеп мәңгі өтемін,

Мәпелеген өзімді.

**Мұғалім:** Ой, бәрекелді! Ал енді әкелер туралы қандай мақал-мәтел білесіңдер?

**Балалар:**

1-оқушы: Әкеден -ақыл

Анадан — мейір.

2-оқушы: Әкені көріп ұл өсер.

Анасын көріп қыз өсер.

3-оқушы: Сайына қарай — саласы

Әкесіне қарай — баласы.

**Мұғалім:** Жарайсыңдар, балалар! Балалар әке деген кім?

**Балалар:**

1-оқушы: «Әке — отбасының тірегі»

2-оқушы: «Әке — асқар тау»

3-оқушы: «Әке — баланың қорғаны»

**Мұғалім:** Балалар мен сендерді ертегі көруге шақырамын, ертегіні бірге тамашалайық.

**«Әке мен бала»**

**Сергіту сәті**

Орнымыздан тұрайық,

Бойымызды жазайық.

Бір отырып, бір тұрып,

Орнымызды табайық.

**Мұғалім:** Балалар сендер ертегіден нені түсіндіңдер, ертегінің қандай тәрбиелік мәні бар?

**Балалар:** Әкенің ақылын тыңдау, құрметтеу, еріншек-жалқау болмау. **Мұғалім:** Дұрыс, міне біз ертегіні көріп, әкеміздің ақылды, қамқоршы, дана адам екенін білдік.

**Мұғалім:** Әкелерді ойынға шақырады. Балаларды да, ойынға шақырады. **Ойын: «Өз әкеңді тап!»**

«Өз балаңды тап!»

**Мұғалім:** Әкелерге алғысын айтады.

**Қорытынды:** Балалар, бүгін біз сендермен қандай тақырыпта әңгіме жүргіздік?

**Балалар:** Әкелер жайлы.

**Мұғалім:** Біздің әкелереміз қандай адам екен?

**Балалар:** Ең жақсы адам, ақылды, батыр, мейірімді, қамқоршы.

**Мұғалім:** Жарайсыңдар, әрқашанда, әкелеріңді құрметтеп, сыйлаңдар, тәртіпті және білімді болып өсе беріңдер!

**Мұғалім:** Қонаққа келген әкелерден бата сұрайды.

Құрметті әкелер, бүгінгі біздің «Әке — бәйтерек» атты, ұйымдастырылған оқу-қызметіміз осымен аяқталды. Алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңіз үшін, алғысымызды білдіреміз. Келген аяқтарыңызға гүл бітсін!

Келесі кездескенше сау-саламат болыңыздар!

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Әке туралы өлең шумақтарын жатқа айта біледі.

**Игереді:** Әке деген ұғымды, отбасындағы әкелердің құрметін түсінеді, игереді.

**Меңгереді:** Қазақ тіліндегі тән дыбыстарды анық айта біледі. Нақыл сөздердің тәрбиелік мәнін дұрыс түсіне меңгереді.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.